3	Талгат Серикович Абдухаликов	1963	14.12.2009 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Еуразиялық банк» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі 05.04.2010 ж. – 29.06.2011 ж. – «Еуразиялық банк» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Мәскеу қ.	жоқ	жоқ
4	Роман Александр Машчык	1966	01.04.2010 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Еуразиялық банк» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі 01.01.2010 ж. – 31.03.2010 ж. – лауазым атқармаған	жоқ	жоқ
5	Сейтжан Сейтханович Ермекбаев	1967	04.07.2011 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Еуразиялық банк» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі 29.06.2011 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Еуразиялық банк» ААҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі, Мәскеу қ. 06.09.2010 ж. – 30.06.2011 ж. – Қазақстан Республикасындағы Еуразиялық Қайта Құру және Даму Банкі Өкілдігінің Аға банкирі 01.02.2010 ж. – 31.08.2010 ж. – «HSBC Қазақстан Банкі» АҚ ЕБ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқармасының мүшесі 01.01.2009 ж. – 31.01.2010 ж. – HSBC Bank Plc Украинадағы Өкілдігінің басшысы	жоқ	жоқ
6	Анна Александровна Бичурина	1974	15.01.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Еуразиялық банк» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі 01.01.2010 ж. – 14.01.2013 ж. – «Еуразиялық банк» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі 08.10.2010 ж. – 29.06.2011 ж. – «Еуразиялық банк» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Мәскеу қ.	жоқ	жоқ

7	Нурбек Нурланович Аязбаев	1968	15.01.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Еуразиялық банк» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі 01.08.2010 ж. – 14.01.2013 ж. – «Еуразиялық банк» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі 05.04.2010 ж. – 29.06.2011 ж. – «Еуразиялық банк» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Мәскеу қ. 25.01.2010 ж. – 31.07.2010 ж. – «Еуразиялық банк» АҚ Басқарушы директоры 20.07.2009 ж. – 13.01.2010 ж. – «Отан» АМЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының инвестициялық қызмет жөніндегі кеңесшісі 02.04.2007 ж. – 15.01.2010 ж. – «АТФБанк» АҚ Қазынашылық департаментінің директоры	жоқ	жоқ
8	Бертран Госсар Жан Эммануэль	1967	22.04.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Еуразиялық банк» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі 22.06.2011 ж. – 21.04.2013 ж. – «Еуразиялық банк» АҚ Басқарушы директоры 01.05.2011 ж. – 21.06.2011 ж. – «МКО «ПростоКредит» ШКҰ» ЖШС Бас директоры 15.10.2008 ж. – 30.04.2011 ж. – Société Générale Consumer Finance (SGCF) Азия елдері бойынша Өңірлік директор	жоқ	жоқ

2) Банк Басқармасының төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктері:

№	*Өкілеттіктері*
1	**Басқарма төрағасы Майкл Джеймс Эгглтон мырза** 1) Банк қызметіне жалпы басшылық жасайды; 2) Банк Басқармасы отырысын жүргізеді; 3) акционерлердің жалпы жиналысының және Банк Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады; 4) үшінші тұлғаларға қатысты Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді; 5) үшінші тұлғаларға қатысты Банк мүддесін білдіруге сенімхат береді; 6) Банк қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан босатуды (Басқарма мүшесі болып табылатын және Директорлар кеңесіне есеп беретін (комплаенс қызметі, ішкі аудит қызметі және Банктің корпоративтік басқару қызметі) қызметкерлерді қоспағанда) іске асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза салады, Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және жалақыға үстеме ақы мөлшерлерін Банктің штаттық кестесіне сәйкес белгілейді, Банк қызметкерлерінің сыйлықақы мөлшерін анықтайды; 7) Банктің ішкі құжаттарына, оның ішінде Банктің уәкілетті органдары бекітетін ішкі нормативтік құжаттарға қол қояды; 8) өзі жұмыс орнында жоқ болғанда міндеттемелерін орындауды орынбасарларының біріне жүктейді;

	9) Басқарма мүшелері мен Банктің басқа қызметкерлерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі; 10) Мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдарда Банк мүддесін білдіреді; 11) Банк атынан мынадай мәселелер бойынша құжаттарға қол қояды және хат алмасады: - Банктің ірі корпоративтік клиенттерімен байланысты; - Үкіметпен, Қазақстан Республикасының қадағалау және салықтық органдарымен байланысты; 12) құжаттарға, шарттарға, сондай-ақ оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қол қояды, Банк атынан өндіріс, жарнама тарату және орналастыру мәселелері, сондай-ақ жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметтерінің басқа мәселелері бойынша хат алмасу мен келіссіөздер жүргізеді; 13) орындалған жұмыстар актісіне, салыстыру актілеріне, тауарматериалдық құндылықтарды және негізгі қаржыны қабылдау-беру актісі және жоғарыда көрсетілген шарттар бойынша міндеттемелердің орындалғанын растайтын басқа құжаттарға қол қояды; 14) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметіне қатысты Банктің ішкі құжаттарына қол қояды (бұрыштама қояды); 15) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілеттіктерін іске асырғанда Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын бақылайды; 16) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілеттіктерін іске асырғанда Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, Банк органдары шешімдерінің және Банк Жарғысын сақтауын бақылайды; 17) Банк мүддесін білдіру құқығымен және барлық инстанциядағы соттарда, құқық қорғау, салықтық, кедендік, мемлекеттік және әкімшілік және басқа органдарда Банк қызметінің мәселелері бойынша Банк мүддесін білдіру құқығымен сенімхаттар береді; 18) Банк Жарғысында, акционерлердің шешімімен және Банктің Директорлар кеңесінде белгіленген өзге функцияларды іске асырады; 19) бақылауды және жұмысты үйлестіруді іске асырады - жетекшілік етеді: 19.1) Басқарма төрағасының орынбасарларына, Басқарма мүшелеріне; 19.2) басқарушы директорға, АТ қолдау көрсету Департаментінің, АТ әзірлеу Департаментінің, АТ жобалық Кеңсесінің, АТ әкімшілік ету бөлімінің және процессинг және төлем технологиялары Департаментінің жұмысына басшылық ететін; 19.3) басқарушы директорға, сот актілерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету Департаментінің, стрестік активтер Департаментінің және проблемалы қарыздармен жұмыс Департаментінің жұмысына басшылық ететін; 19.4) атқарушы директорға, заң Департаментінің жұмысына басшылық ететін; 19.5) атқарушы директорға, қауіпсіздік Департаментінің, құндылықтарды инкассациялау және тасу басқармасының жұмысына басшылық ететін; 19.6) атқарушы директорға, «Болашақ филиалы» жобалық кеңсесінің мәселелері бойынша; 19.7) атқарушы директорға, қызметкерлермен жұмыс жүргізу Департаментіне және рекрутинг және қызметкерлерді дамыту Департаментінің жұмысына басшылық ететін; 19.8) басқарушы директорға, атқарушы директор – жаңа технологиялар және реинжиниринг Департаментінің директорының, клиентке қызмет көрсету Департаментінің, операциялық бизнес Департаментінің, банктік операцияларды әкімшілендіру Департаментінің, сапаны бақылау және қолдау көрсету Департаментінің, бөлшек бизнестің кредит Департаментінің, төлем жүйелері басқармасының және кастодиандық операциялар басқармасының жұмысына басшылық ететін; 19.9) қоғаммен байланыс Департаментіне, ақпараттық қауіпсіздік Департаментіне, бизнес технологиялар Департаментіне, ішкі байланыстар Департаментіне және маркетинг Департаментіне.
2	**Басқарма төрағасының орынбасары А.А.Бакасов мырза** 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарда және ұйымдарда Банк мүддесін білдіреді; 2) шарттарға, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға, актілерге және мыналармен байланысты басқа құжаттарға қол қояды: - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерімен және бейрезидент банктермен корреспонденттік қатынастар орнату; - Ақшалай нысанда орындалуы қарастырылатын үшінші тұлғалар үшін кепіл болушылық пен басқа міндеттемелер беру; - барлық инстанциядағы соттарда, құқық қорғау, салықтық, кедендік, мемлекеттік және әкімшілік органдарда заңмен талапкерге, жауапкерге, үшінші тұлғаға берілген барлық құқықтармен, оның ішінде талап-арызға қолдау көрсету немесе істі бейбіт келісіммен аяқтау, өтініштерді мәлімдеу, дәлелдемелер

	беру, Банк атынан мынадай барлық қажетті құжаттарға қол қою және беру: талап-арыздар, талап арызға жауаптар, апелляциялық, жеке және қадағалау шағымдары, сот шешімдерінің, қаулыларының заңдылығы мен негізділігін тексеру туралы өтініш, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының және Бас прокурорының атына наразылық келтіру туралы өтініш және құқық қорғау, кедендік, салықтық және әкімшілік органдардың атына басқа өтініштер, сот қаулыларын орындау бойынша сот орындаушысының іс-әрекетіне қатысу және заңға сәйкес басқа іс жүргізу әрекеттерін жасау, қол қою және Банк мүддесін осылай білдірумен байланысты барлық кез келген әрекеттерді жасау; 3) шарттарға және басқа құжаттарға қол қояды, Банк атынан жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметтерінің мәселелері бойынша хат алмасады және келіссөздер жүргізеді: - Банктің халықаралық қаржы институттарымен, бейрезидент банктермен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктермен қарым-қатынастары; - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерімен және бейрезидент банктермен корреспонденттік қатынастар орнату; - жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметінің басқа мәселелері бойынша; 4) жетекшілік ететін бөлімшелер жасайтын жоғарыда көрсетілген шарттарды орындаумен байланысты төлем және кассалық құжаттарға, ақы төлеу шоттарына, шот-фактураларға қол қояды; 5) сенімхаттар береді: жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер құзіретіне кіретін мәселелер бойынша үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк мүддесін білдіру құқығымен және барлық инстанциядағы соттарда, құқық қорғау, салықтық, кедендік, мемлекеттік және әкімшілік және басқа органдарда Банк қызметінің мәселелері бойынша Банк мүддесін білдіру құқығымен; 6) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметімен байланысты мәселелер бойынша Банк контрагенттері беретін тауар, жұмыс (қызмет) ақысын төлеу құжаттарына қол қояды; 7) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметіне қатысты Банктің ішкі құжаттарына қол қояды (бұрыштама қояды) және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің мәселелері бойынша өкім шығарады; 8) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілеттіктерін іске асырғанда Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын бақылайды; 9) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілдіктерін іске асырғанда Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, Банк органдары шешімдерінің және Банк Жарғысын сақтауын бақылайды; 10) жалпы басшылық пен жұмысты үйлестіруді іске асырады және жетекшілік етеді: 10.1) басқарушы директорға, VIP Департаменті мен Приват банкинг жұмысына басшылық ететін; 10.2) аумақтық үйлестіру Департаментіне; 10.3) отбасылық офис және халықаралық серіктестер Департаментіне.
3	**Басқарма төрағасының орынбасары Т.С.Абудухаликов мырза** 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарда және ұйымдарда Банк мүддесін білдіреді; 2) шарттарға, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға, актілерге және басқа құжаттарға қол қояды, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметіне байланысты мәселелер бойынша хат алмасады; 3) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметіне байланысты мәселелер бойынша өкілеттіктерін іске асыруға қажетті басқа әрекеттерді жасайды; 4) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер құзіретіне кіретін мәселелер бойынша үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк мүддесін білдіру құқығымен сенімхаттар береді; 5) барлық инстанциядағы соттарда, құқық қорғау, салықтық, кедендік, мемлекеттік және әкімшілік және басқа органдарда Банк қызметінің мәселелері бойынша Банк мүддесін білдіру құқығымен сенімхаттар береді; 6) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметімен байланысты мәселелер бойынша Банк контрагенттері беретін тауар, жұмыс (қызмет) ақысын төлеу құжаттарына қол қояды; 7) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметімен байланысты мәселелер бойынша Банк контрагенттері беретін тауар, жұмыс (қызмет) ақысын төлеу құжаттарына қол қояды; 8) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілдіктерін іске асырғанда Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын бақылайды; 9) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілеттіктерін іске асырғанда Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, Банк органдары шешімдерінің және Банк Жарғысын сақтауын бақылайды; 10) жалпы басшылық пен жұмысты үйлестіруді іске асырады және жетекшілік етеді - ресурстар Департаментіне, филиал желісін дамыту Департаментіне, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, жұмылдыру

	жұмысы, АҚ және ТЖ істері жөніндегі Қызметке, Филиал желісіне.
4	**Басқарма төрағасының орынбасары Р.А.Машчық мырза** 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарда және ұйымдарда Банк мүддесін білдіреді; 2) шарттарға, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға, жетекшілік ететін бөлімшелердің қызметіне қатысты басқа құжаттарға қол қояды; 3) жетекшілік ететін бөлімшелердің қызметіне қатысты Банктің ішкі құжаттарына қол (бұрыштама) қояды және жетекшілік ететін бөлімшелердің мәселелері бойынша өкім шығарады; 4) жетекшілік ететін бөлімшелермен өз функциялары мен өкілеттіктерін іске асырғанда Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, о.і. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын бақылайды; 5) жетекшілік ететін бөлімшелердің өз функциялары мен өкілеттіктерін іске асырғанда Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, Банк органдары шешімінің және Банк жарғысының сақталуын бақылайды; 6) барлық инстанциядағы соттарда, құқық қорғау, салықтық, кедендік, мемлекеттік және әкімшілік және басқа органдарда жетекшілік ететін бөлімшелердің мәселелері бойынша Банк мүддесін білдіру құқығымен сенімхаттар береді; 7) жалпы басшылықты және жұмысты үйлестіруді іске асырады - тәуекел-менеджмент Департаментіне, кредиттік тәуекелдер және кепілді бағалау Департаментіне, операциялық тәуекелдерді басқару және алаяқтықтың алдын алу Департаментіне, Soft Collection Департаментіне және жобалардың қаржылық мониторингі Департаментіне жетекшілік етеді.
5	**Басқарма төрағасының орынбасары С.С. Ермекбаев мырза** 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарда және ұйымдарда Банк мүддесін білдіреді; 2) шарттарға, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға, жетекшілік ететін бөлімшелердің қызметіне қатысты басқа құжаттарға қол қояды; 3) құжаттарға қол қояды жетекшілік ететін бөлімшелердің қызметімен байланысты мәселелер бойынша Банк атынан хат алмасу жүргізеді, о.і. мынадай мәселелер бойынша: - заңды тұлғаларға және жеке тұлғаларға көрсетілетін кредиттік қызметтердің барлық түрлері бойынша мүлікке ауыртпалық салу және алуға қатысты; - заңды тұлғаларға және жеке тұлғаларға көрсетілетін кредиттік қызметтердің барлық түрлері бойынша кепілдік және міндеттемелерді орындауды басқа қамтамасыз ету; - қарыз операциялары: ақылы, мерзімді және қайтарымдылық талаптарымен ақшалай нысанда кредит беру; - депозиттерді қабылдау, заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу; - аккредитив ашу (қою) және растау және ол бойынша міндеттемелерін орындау; - таяу және алыс шетелдердегі елдердің қаржы институттарымен және қаржылық емес ұйымдарымен, инвесторлармен, дамудың халықаралық институттарымен, талдамашылармен ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ сыртқы қорландыруды тарту және халықаралық нарықтарда мәмілер ұйымдастыру; 4) жетекшілік ететін бөлімшелер жасайтын жоғарыда көрсетілген шарттарды орындаумен байланысты төлем және кассалық құжаттарға, ақы төлеу шоттарына, шот-фактураларға қол қояды; 5) Құжаттарға, шарттарға, келісімдерге, банктік кепілдіктерге, кепілдік хаттарға, кепілдік міндеттемелерге және басқа құжаттарға, сондай-ақ корпоративтік кредит беру және шағын және орта бизнеске кредит берумен, заңды тұлғаларға және жеке тұлғаларға көрсетілетін кредиттік қызметтердің барлық түрлері бойынша және банктік өнімдерді сатумен байланысты оның өзгерістеріне қол қояды; - жоғарыда көрсетілген шарттар мен келісімдерге сәйкес орындалған жұмыстар актісі; 6) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер құзіретіне кіретін мәселелер бойынша үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк мүддесін білдіру құқығымен сенімхаттар береді; 7) барлық инстанциядағы соттарда, құқық қорғау, салықтық, кедендік, мемлекеттік және әкімшілік және басқа органдарда Банк қызметінің мәселелері бойынша Банк құқығы мен мүддесін сақтау құқығымен сенімхаттар береді; 8) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметімен байланысты мәселелер бойынша Банк контрагенттері беретін тауар, жұмыс (қызмет) ақысын төлеу құжаттарына қол қояды; 9) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметіне қатысты Банктің ішкі құжаттарына қол қояды (бұрыштама қояды) және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің мәселелері бойынша өкім шығарады; 10) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілдіктерін іске асырғанда Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын бақылайды; 11) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілдіктерін іске асырғанда Банктің

	ішкі нормативтік құжаттарының, Банк органдары шешімдерінің және Банк Жарғысын сақтауын бақылайды; 12) жалпы басшылықты және жұмысты үйлестіруді іске асырады - шағын және орта бизнес Департаментіне, корпоративтік бизнес Департаментіне, саудалық қаржыландыру Департаментіне, халықаралық қатынастар Департаментіне, Мәскеу қ. «Еуразиялық банк» ААҚ ЕБ қызметіне жетекшілік етеді.
6	**Басқарма төрағасының орынбасары А.А. Бичурина ханым** 1) мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда Банктің бухгалтерлік қызмет көрсету және қаржылық қызметі мәселелері бойынша Банк мүддесін білдіреді; 2) бірінші қол кою құқығымен мынадай құжаттарға қол қояды: - жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер құрастыратын және уәкілетті органдарға берілетін есептіліктің барлық түрі; - жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер құрастыратын төлем, бухгалтерлік, кассалық және басқа құжаттар; - Банк клиенттеріне хаттар және Банктің бухгалтерлік есебіне және есептілігіне қатысты мәселелер бойынша басқа сыртқы хат-хабар; 3) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметіне қатысты Банктің ішкі құжаттарына қол қояды (бұрыштама қояды) және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің мәселелері бойынша өкім шығарады; 4) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілеттіктерін іске асырғанда Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын бақылайды; 5) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілдіктерін іске асырғанда Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, Банк органдары шешімдерінің және Банк Жарғысын сақтауын бақылайды; 6) барлық инстанциядағы соттарда, құқық қорғау, салықтық, кедендік, мемлекеттік және әкімшілік және басқа органдарда Банк қызметінің мәселелері бойынша Банк құқығы мен мүддесін сақтау құқығымен сенімхаттар береді; 7) жалпы басшылықты және жұмысты үйлестіруді іске асырады – жетекшілік етеді: 7.1) атқарушы директорға, бөлімшелер жұмыстарының тиімділігін бағалау департаментіне және қаржылық контроллинг Департаментіне басшылық ететін; 7.2) бас бухгалтерге, бухгалтерлік есеп және есептілік Департаментіне, бас бухгалтерия және есептілік Департаментіне; 7.3) шоғырландырылған есептілікті дайындау және сыртқы аудиторлармен жұмысты үйлестіру Басқармасына.
7	**Басқарма төрағасының орынбасары Н.Н. Аязбаев мырза** 1) мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда Банк мүддесін білдіреді; 2) шарттарға, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға, актілерге және мыналармен байланысты басқа құжаттарға қол қояды: а) тазартылған қымбат бағалы құйма металдар (алтын, күміс, платина, платина тобының металдары) сатып алу, кепілге қабылдау, тазартылған қымбат бағалы құйма металдарды, қымбат бағалы металдардан жасалған монеталарды есепке алу, сақтау және сату; б) қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз операциялар; в) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің мынадай түрлері: - брокерлік – Қазақстан Республикасының және рейтингтік агенттіктердің бірінің ең аз талап етілетін рейтингі бар немесе мұндай рейтингсіз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің рұқсаты бар елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, туынды бағалы қағаздар және туынды қаржылық құралдар, шетелдік валюта және (немесе) облигация болып табылатын, екінші деңгейдегі банктерге белгілі тәртіппен сатып алуға рұқсат етілген базалық активтер, сондай-ақ басқа қаржылық құралдар; - дилерлік – Қазақстан Республикасының және рейтингтік агенттіктердің бірінің ең аз талап етілетін рейтингі бар немесе мұндай рейтингсіз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің рұқсаты бар елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, туынды бағалы қағаздар және туынды қаржылық құралдар, шетелдік валюта және (немесе) облигация болып табылатын, екінші деңгейдегі банктерге белгілі тәртіппен сатып алуға рұқсат етілген базалық активтер, сондай-ақ заңнамамен белгіленген жағдайларда басқа бағалы қағаздар және қаржылық құралдар; - инвестициялық портфельді басқару; - туынды қаржылық құралдармен операциялар; г) эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарумен, орналастырумен, айнылымға салумен, өтеумен және

	жоюмен байланысты қызметтерді іске асыру; д) Банктің эмиссиялық бағалы қағаздарымен операциялар жүргізу, о.і. бағалы қағаздарды сатып алу және сату шарттарына және операциялар жүргізу бұйрықтарына қол қою; е) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметінің басқа мәселелері бойынша; 3) Банк атынан қол қояды: - жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметіне қатысты шарттарға; - жоғарыда көрсетілген шарттар мен келісімдерге сәйкес орындалған жұмыстар актісі; - жоғарыда көрсетілген шарттар мен келісімдерді орындаумен байланысты төлем құжаттары; - шетелдік клиенттерге және Банк серіктестеріне арналған Банктің ағылшын тіліндегі есептілігіне; 4) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметіне қатысты Банктің ішкі құжаттарына қол қояды (бұрыштама қояды); 5) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің мәселелері бойынша өкім шығарады; 6) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілдіктерін іске асырғанда Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын бақылайды; 7) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер өз қызметтері мен өкілдіктерін іске асырғанда Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, Банк органдары шешімдерінің және Банк Жарғысын сақтауын бақылайды; 8) барлық инстанциядағы соттарда, құқық қорғау, салықтық, кедендік, мемлекеттік және әкімшілік және басқа органдарда Банк қызметінің мәселелері бойынша Банк құқығы мен мүддесін сақтау құқығымен сенімхаттар береді; 9) жалпы басшылықты және жұмысты үйлестіруді іске асырады – қазынашылық Департаментіне және активтер мен міндеттемелерді басқару Департаментіне жетекшілік етеді.
8	**Басқарма төрағасының орынбасары Бертран Госсар мырза** 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарда және ұйымдарда Банк мүддесін білдіреді; 2) шарттарға, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға, жетекшілік ететін бөлімшелердің қызметіне қатысты басқа құжаттарға қол қояды; 3) құжаттарға қол қояды және жетекшілік ететін бөлімшелердің қызметіне қатысты мәселелер бойынша хат алмасу жүргізеді. 4) жетекшілік ететін бөлімшелермен өз функциялары мен өкілеттіктерін іске асырғанда Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын бақылайды; 5) жетекшілік ететін бөлімшелердің өз функциялары мен өкілеттіктерін іске асырғанда Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, Банк органдары шешімінің және Банк жарғысының сақталуын бақылайды; 6) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банк қызметі туралы ақпаратты ашуды және беруді бақылайды; 7) өзі жалпы басшылық ететін Банктің құрылымдық бөлімшесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Банк қызметкерлеріне үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк мүддесін білдіру құқығына сенімхат береді; 8) өз құзыреті шегінде басқа функцияларды орындайды; 9) жалпы басшылықты және жұмысты үйлестіруді іске асырады – жетекшілік етеді: өнімдер мен бөлшек бизнесті дамыту Департаментіне, бөлшек бизнестің техникалық Департаментіне, бөлшек өнім жасау стратегиясы Департаментіне, коммерциялық Департаментке, пластикалық карталар және баламалы сату арналары Департаментіне және ипотекалық қарыздар бойынша Кеңесшіге.

».

Басқарма төрағасы Эгглтон М.Д.

Бас бухгалтер Нелина Л.Н.

Прошито и пронумеровано
на 17 (семнадцати) страницах

Председатель Правления
_____ Эгглтон М.Д.

Главный бухгалтер
_____ Нелина Л.Н.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау комитеті»
ТІРКЕДІ
20 13 ж. «14» желтоқсан